

<sup>1</sup>Оразакынқызы Ф., <sup>2</sup>Герай Фидан, <sup>3</sup>Анипина А.К.

<sup>1</sup>Ph.D., филол. ф.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>профессор, Анкара Хаджи Байрам Вели Университеті, Турция, Анкара қ.

<sup>3</sup>докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

e-mail: aliyapanipina80@gmail.com

## ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕ ГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛЕКТЕРИ

Адамзат қоршаған әлемдің және өзін тіл арқылы таниды, себебі тілде жалныадамзаттық және ұлттық қоғамдық-тарихи тәжірибе бекітілген. Қазіргі қоғамда өмір сүріп жаткан адамдардың өзінің өткен кезеңіне, ұлттық мәдениетінің шыққан көзіне деген қызығушылығы олардың тілге мүкіят назар салуына әкелін соғуда. Ерте заманда қоғамда болған әртүрлі жағдайлар қазір біз күнделікті қолданып жүрген мақал мен мәтелдерде көрініс табады. Мақал-мәтел – ата-бабаларымыз қысқа да нұсқа сейлемдер арқылы адамгершілік заңдылықтары мен бай мән-мағынаға толы түжірымдарын кейінгі үрпаққа үлгі-өнеге ретінде қалдырып кеткен өзіндік микроәлем. Мақал-мәтелдер – халық өміріндегі әрқылы кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстардың бейнелеп сипаттайтын, қөнілдегі ойды шебер де үғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа түжірым жасайтын, мән-мазмұнға бай сөздік құрам. Демек, халық өмір шындығын, қөнілге түйгенін, ойын мақал-мәтел ретінде өзінің кейінгі үрпақтына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Атамыш тілдік бірліктер арқылы кейінгі үрпақты елін-жерін, отанын сүюге, ерінбей еңбек етуге, білім алуға, адал, кішіпейіл болуға шақырып, жалқаулық, өсек-өтірік, мақтаншақтық, тәрізді жаман қасиеттерден бойын аулақ, салуға тәрbiелеген. Сондықтан мақал-мәтелдердің тілдегі алатын орны ерекше, ал оларды лингвистикалық зерттеу объектісі ретінде алу өте өзекті болып табылады. Зерттеу жұмысының өзектілігі болып генеологиялық тілдер тобы жағынан екі түрлі топқа жататын қытай және қазақ тілдерінде мақал-мәтелдердің ортак және айырмашылықтарын табу қажеттілігі болып саналады. Екі тілдің мәдениет пен тіл тұрғысынан өзара байланысын көрсету негізінде әлемдік тілдік бейне арқылы көрінетін ұлттық дүниетанымды терең түсінуге мүмкіндік беріледі.

Түйін сөздер: мақал, мәтел, фразеология, паремия, дағдылы сөздер, фраза, идиома, тұрақты тіркес.

<sup>1</sup>Оразакынқызы Ф., <sup>2</sup>Герай Фидан, <sup>3</sup>Анипина А.К.

<sup>1</sup>Ph.D., к.филолог.н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>профессор, Университет Анкара Хаджи Байрам Вели, Турция, г. Анкара

<sup>3</sup>докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Казахстан, г. Алматы, e-mail: aliyapanipina80@gmail.com

## Структурные и смысловые особенности пословиц и поговорок в китайском и казахском языках

Человек способен понимать мир и самого себя благодаря языку, в котором закрепляется общественно-исторический опыт – как общечеловеческий, так и национальный. Интерес современного человека к своему прошлому, истокам своей культуры заставляет его внимательно всмотреться в язык. Отзвуки давно минувших лет сохраняются сегодня в пословицах, поговорках, фразеологиях. Это – своеобразные микромирры, содержащие в себе «и нравственный закон и здравый смысл, выраженные в кратком изречении, которые завещали предки в руководство потомкам». Пословицы и поговорки – это богатый словарный состав, который описывает различные периоды общественной жизни народа, их взаимоотношение и социальные явления, предлагая умелые и понятные идеи. Следовательно, древние народы через пословицы и поговорки передали жизненные реальности, показали пример своим молодым поколениям. Через эти языковые единицы можно воспитать в последующем поколении любовь к родине, работать без лжи,

учиться, быть честным, быть смиренным и воздерживаться от плохих качеств, сплетен и гордости. Именно поэтому пословицы и поговорки занимают особое место в языке, а их изучение как объекта лингвистического исследования является на сегодняшний день очень актуальным. Актуальность темы исследования обусловлена необходимостью выявления общего и специфического в пословицах и поговорках на материале казахского, китайского языков и теоретического осмыслиения их в аспекте проблемы взаимосвязи языка и культуры, что будет способствовать более глубокому пониманию национального мировосприятия, отраженного в языковой картине мира.

**Ключевые слова:** пословица, поговорка, фразеологизм, паремия, устойчивые выражения, идиома, фраза.

<sup>1</sup>Orazakynkyzy F., <sup>2</sup>Geray Fidan, <sup>3</sup>Anipina A.K.

<sup>1</sup>Ph.D, candidate of philology, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,

<sup>2</sup>professor, Ankara Hadji Bayram Veli University, Turkey, Ankara

<sup>3</sup>doctoral student, Al-Farabi Kazakh national university,

Kazakhstan, Almaty, e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

### Structural and semantic features of proverbs and sayings in Chinese and Kazakh languages

A person is able to understand the world and himself thanks to a language in which social and historical experience is consolidated – both human and national. The interest of modern man to his past, the sources of his culture makes him scrutinize the language closely. The echoes of the past years are preserved today in proverbs, sayings, idioms. These are peculiar micro-worlds that contain “both moral law and common sense, expressed in a brief utterance, which the ancestors bequeathed to the leadership of the descendants”. Proverbs and sayings are a rich vocabulary that describes various periods of a people's social life, their interrelationship and social phenomena, offering skillful and understandable ideas. Consequently, the ancient people, through proverbs and sayings, transmitted life realities, set an example to their younger generations. Through these language units, you can educate the next generation to love your homeland, work without lies, learn, be honest, be humble and refrain from bad qualities, gossip and pride. That is why proverbs and sayings occupy a special position in the language, and their study as an object of linguistic research is relevant. The relevance of the research topic is due to the need to identify the general and specific in proverbs and sayings on the material of Kazakh and Chinese languages and their theoretical understanding in the aspect of the problem of the relationship between language and culture, which will contribute to a deeper understanding of the national world view reflected in the world language picture.

**Key words:** proverb, saying, idiom, proverb, stable expressions, idiom, phrase.

### Kіріспе

Кандай ұлт болмасын, олардың тарихынан сыр шертер мол мұра – сол ұлттың колданатын мақал-мәтелдері арқылы көрініс табады. Мақал-мәтелдер – халықтың өміріндегі әрқи-лы кезеңдерді, қарым-қатынас мен қоғамдық жағдайларды бейнелеп сипаттайтын, адам көnlіндегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қыска да нұсқа тұжырымдар жасайтын, мән-мазмұнға бай сөздік құрам болып табылатыны сөзсіз. Кез келген халық өзінің өмір шындығын, ойна түйгөнін, көnlін мақал-мәтел ретінде өзінің кейінгі ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Г. Жандыбаев «Сөз майегі» атты еңбегінде: «Мақал-мәтелдер – тағылым, тәрбие, даналық мектебі, сондай-ақ сонау ерте замандарда тұған мақалдар барлық үрпактармен бірге жасасып, күні бүтінге дейін біздін де құлағызызға жағымды, санамызыға сінімді, тілімізге жатық калпын сактап келеді. Осылай

бола да бермек. Бұл мақал-мәтелдердің ескірмес, көнермес асылдығын көрсететін қасиеті», – деп тілдік корды байытатын ел мұрасының мәнді, айшыкты, зор талғаммен ерекшеленіп алынған сөз тізбегі екендігіне, олардың ерекше қасиетіне мән береді (Ә. Тұрманжанов, 2007:115).

### Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қытай және казақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстыра зерттей отырыш, олардың мазмұны жағынан ұқсастықтары мен ұлттық сипаттын ашу. Аталған тілдік бірліктердің семантикалық құрамындағы ортақ тұстары мен ерекшеліктерін және олардың себеп-салдарын айқындау. Зерттеу жұмысының міндеттеріне макалада генетикалық және типологиялық құрылымы жағынан әр түрлі қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің шығу тарихы, колданыс аясы, мақал-мәтелдердің екі тілдегі негізгі мазмұны, такырыбы жайлыштыру анықтау жаткызылады.

### Материалдар

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған. Кенес дәуірінде 1948 жылдарға дейін мақал-мәтелдерді тек халық аузынан жинап, жеке басылым ретінде шыгару жұмыстары жүргізілген, екінші кезең – оларды тілдік тұрғыдан зерттеудің калыптасу кезеңі. Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Ш. Уәлиханов пен Н.Н. Березин архивтерінде XIX ғасырдың 50 жылдарында ел аузынан жазып, жинақталып топтастырылған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сакталған. Сондай-ақ, казақ ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен бірге казақ мақал-мәтелдерін де жинақтап, жеке жинақтар шығарып, казақ тілі мен әдебиетінің, тіл ғылыминың, мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан Ы. Алтынсарин, В. Радлов, Ә. Диваев, Ш. Ибрагимов, М. Терентьев, т.б. сынды ағартушы ғалымдардың енбектері ерекше орын алады. Қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуіне арналған монографиялық зерттеулер де, мақалалар да жетерлік. Солардың ішінен ғалым Б. Шалабаев алғашқылардың бірі болып, аталмыш тұркестер тобын арнайы қарастырып, олардың негізгі жанрлық ерекшеліктерін, мағыналық топтарын аныктады. М. Ғабдуллин “Қазақ халқының ауыз әдебиеті” деген еңбегінде казақ халқының кәсібін, шаруашылығын, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақал-мәтелдердің өмір танытқыштық мәні мен қызметін айқындалған көрсетсе, С. Нұрышев оларды даму тарихы жағынан зерттеген. Макал-мәтелдер тұра ойды әртурлі сөздермен айтуды үйрен үшін керек мәлімет.

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің бірнеше мың жылдық тарихы бар. Олар адамдар бір-бірімен тіл арқылы арапасуды үйренгенде пайда бола бастаған. Жазудың пайда болуымен олар қағаз бетіне түскен. «Ицзин», «Мэнцизы», «Цзочжуань», «Гоюй», «Шицзи» сиякты әдеби мұраларда халықтық сөздер туралы айттып кеткен. Сун дәуірінде алғашкы макалдар жинағы пайда болды, кәзіргі күнгө дейін ең толық макалдар сөздігі – Цин дәуірінде Вэнлан құрастырған «Ежелі халықтық өлендер мен сөздер» сөздігі болып есептеледі. Бұл сөздікке ежелі дәуірден бастап, Мин дәуіріне дейінгі әдеби мұраларда кездесетін халықтың сөздері енген.

Макал мен мәтелдің құрылышы, түрі, сөз саптасы жағынан бір-біріне жақын және ұқсас болып келеді. Алайда олардың арасында өзара айырмашылығы да жоқ емес. Басты айырмашы-

лығы – бұлардың мазмұнында болып табылады. Кез келген халықтың мұрасы осы мақал-мәтелдердің өзіне ғана тән ерекшеліктермен, халықтың мінезіне, табиғатына лайық туындаштырылған көптеген зерттеушілер кезінде көрсетіп, айтып кеткен еді. Ә. Диваев «Тарту» атты еңбегінде: Қазақ «мақалдарының көбі өзінің дәлдігі, өткірлігі жөнінен суретшінің қыл қаламына ілігүте сұранып тұрғандай. Өйткені онда қазақтың көшпенді де еркін өмірін қамти-тын тірі келбеті тұр», – деп олардағы халық тіршілігі бейнеленетінін накты суреттейді. Макал – накыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбыльсты жинақтап, түйіп, ықшамдаш беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдаш, соңғы жолдарында корытылған ой айтатын халықтың бейнелі поэтикалық жанраларынан бір түрі, көне заманнан екшеліп жеткен терен мазмұнды, такырып аясы кен сөз мәйегі. Макалдар көбіне өлең үлгісінде кейде кара сөзбен де беріледі. Мысалы, қазақ тілінде «Күлме досқа келер басқа»; «Ашу – дүшпан, ақыл – дос, ақылына ақыл кос»; «Адамды досына қарап таны»; «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» макалдар көң танымал. Мәтел – өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен керағар шендерестіруі жок, корытындысы түспалды, қыска да нұсқа накыл сөз. Макалға өте жақын болып келеді, онын сынар тармағы десек болады. Сөз үстемелене келіп, макалға айналады. Мысалы, казақ тілінде «Оң көзіне сол көзін қарауыл болсын»; «Жыланнын уы басында, бейқамның жауы касында»; «Ала жағым кетсе де, Айташағым кетпесін»; «Аузы күйген айранды да урлеп ішер»; «Бір кісі мың кісіге олжа салар»; «Ер мойнында қыл арқан шірімес»; «Екі жарты – бір бүтін» және т.б. мәтелдер жиі қолданыска ие.

Қытай фразеологиясында фразеологизмдер 熟语 Shúyǔ терминімен аталады. Қытай лингвисті Ма Гофань фразеологизмдердің бес негізгі түрін белгіп көрсетеді: 成语 Chéngyǔ – идиома; 谚语 Yànyù – макал; 歇后语 Xiēhòuyǔ – астарлы сөздер; 惯用语 Guàn yòng yú – фразеологиялық тіркес; 俗语 Súyǔ – мәтел. Фразеологиядан жазылған соңғы енбектерде макал мен мәтелді ортақ 谚语 Yànyù терминімен атайды (Афанасьев А.П. 2016). Қытай макал-мәтелдерінде бірқатар стилистикалық әдістер қолданылады және оларға өзіндік құрылымдық-семантикалық, құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктер тән болып келеді. Бұл ерекшеліктер олардың шығу тегінен, күнделікті өмірде қолданылуына байланысты сан алуан. 谚语 Yànyù – қытай тілінде «макал мен мәтел» деген мағына береді. 谚语 Yànyù

фразеологиялық бірлік ретіндегі касиеті – кайталаңып айтылуында, мағынасының тұтастығында, күрүлымының тұрақтылығында, көркемдігінде. Олар – ауызекі тіл, көркем әдебиет, аныз әнгімелерден шықкан. Бірақ мақал-мәтелдер шығу көзінә қарамастан, қазіргі тіл қағидаларына бағынады. Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің негізгі айырмашылығы – семантикалық жағынан екі жақтылығы, яғни тұра мағынасында да, ауыспалы мағынасында да қолданылады.

Қытай тілінде фразеологизм, паремия, мәтел, мақал деген ұғымдармен байланысты терминдердің бір-бірінен айырмашылығы бар. Цыхай редакциясымен жасалған «辞海. 上海: 上海辞书出版社» сөздігінде паремияға (熟语): 熟语是语言中定型的词组或句子。使用时一般不能任意改变其组织。包括成语、谚语、格言、歇后语等 (夏征农. 2000: 295) / мынандай түсінік береді: «Паремия – тұрақты тіркес және тұрақты сейлем болып табылады. Паремияны қолданғанда оны өздігінен өзгертуге болмайды». Паремияға фразеологизм, мақал, мәтел, афоризмдер, 歇后语 (фольк. сехоую – айтылатын ой толық бітпеген, екі бөліктен тұрады) жатқызылады (Афанасьева М.П. 2016: 871).

Осы сөздікте фразеологизмге былай түсінік берілген: (成语Chéngyǔ): 熟语的一种。习用的固定词组。在汉语中多数由有四个字组成。组织多样，来源不一。所指多为确定的转义，有些可从字面理解 (Афанасьева М.П. 2016: 285)... / «Паремия типінің бір түрі болып табылады; үнемі қолданылатын тұрақты тіркес; қытай тілінің фразеологизмі негізінен 4 иероглифтен тұрады; күрүлісі курделі және қайнар көзі әртүрлі...».

Макал (谚语Yànyǔ) термині былай аныкталады: 熟语的一种。流传于民间的简练通俗而寓意丰富深刻的语句，大多反映人民的生活和生产经验 (Афанасьева М.П. 2016: 1264)... / «Паремия типінің бір түрі; қысылған, қолданысы кен, бай және терен мораль иеленген халық арасында қолданылатын тұрақты тіркестер; көбінесе халық өмірі мен өндіріс тәжірибесін бейнелейді».

惯用语Guànyòng уй – «дағдылы сөздер, фраза, идиома, тұрақты тіркес» деп аударылады. Оған берілген түсінік: 熟语的一种。惯常作为完整的意义单位来运用的固定词组。其整体意义不是各组成部分个体意义的相加，而是通过比喻等手段造成的一种修辞意义；口语色彩较浓 (Афанасьева М.П. 2016: 432). / «Паремия типінің бір түрі, тұрақты тіркес; оның бірліктері тұтас мағына береді; оның тұтас мағынасы оның компоненттерінің

мағынасынан күрүлмайды, метафорлы мағынадан күрүлады, ауызекі тілдің интенсивті белгісі болып табылады».

### Тарихнамаға шолу

Көп жағдайда мақалдар әдеби шығармалардан алынады. Бірақ әдеби шығармалардан алынған сөздер мақал болуы үшін, олардың әдеби шығармалармен байланысы үзіліп, адамдар арасында халықтық сөздер ретінде қабылдануы кажет. Бірақ әдеби шығармалардағы мақал-мәтелдер де ауызекі тілден алынуы мүмкін және керісінше кейбір халықтық сөздердің қайнар көзі ұмытылып кеткен әдеби шығармалар болуы мүмкін.

Мысалы қытай тіліндегі 入境问禁, 入国问俗[Rùjìng wèn jìn, rùguó wèn sú] «Шекарадан өткенде зандары туралы сұра, мемлекетке кіргенде дәстүрлері туралы сұра» мақалының шығу көзі – «Салт-жоралар кітабынан» (礼记).

上有天堂，下有苏杭 [Shàng yǒu tiāntáng, xià yǒu sū háng] – «Көкте жұмсақ, жерде Сүйчжоу мен Ханчжоу», бұл мақал да халық ауызынан таралған.

Қытай тілінде канатты сөздер көбіне мақал-мәтелмен бірге сөздіктерге енгізіледі, өйткені олар да аяқталған грамматикалық пайымдау түрінде болады, қысқа әрі нұсқа өситеттік, дидактикалық мәні болуы мүмкін.

Мысалы, әйгілі Ду Фудың өлең жолы:

朱门酒肉臭, 路有冻死骨 [Zhūmén jiǔròu chòu, lù yǒu dòng sǐ gǔ] – «Бай үйдің қакпасында ет пен шараптың іісі, ал жолда үсіп қалғандардың сүйектері». Қазақ тіліндегі «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» мақалына келеді.

Әйгілі ойшыл Кун Цзының «Луньюй» еңбегінен алынған келесідей мақал бар: 三人必有我师 [Sān rén bì yǒu wǒ shī] – «Басқалардан әркашан үйренетін нәрсе бар» (Бірге кетіп бара жатқан үш адамның ішінде, менін ұстазым бола алатыны бар).

Қытай тілінің мақал-мәтелдері казак тіліндегі мақал-мәтелдер сияқты, халық даналығының және оның өмірлік тәжірибесінің көрінісі болып табылады. Мақал-мәтелдерде сол мақал-мәтелдердің калыптасырған халықтың өмірі жан-жакты бейнеленеді. Олар әртүрлі жағдайлар мен күбылыштарға байланысты акпаратты тасымалдаушы негізгі күрал. Мысалы, тарихи жағдайлар, ежелгі тұрмыс-салт, діни нағым-сенімдер, адамдар арасындағы қарым-катаинас, адамның табиғатка деген көзқарасы. Осы тұрғыдан қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің казак тіліндегі баламасы табылып жатады.

Мысалы:

远亲不如近邻 [Yuǎnqīn bùrú jìnlin] – «Алтыстағы туғаннан жакындағы көршің артық».

大意失荆州 [Dàiyì shī jīngzhōu] – Ұқыпсыздықтан үлкен шығынға ұшырау.

秋菊春桃, 物各有时 [Qiū jú chūntáo, wù gè yǒushí] – Әр нәрсесе өз уақытымен.

不受磨练不成佛 [Bù shòu mó liàn bù chéng fó] – Сыннан өтпей, әйгілі болмайсын.

(Зеленев Е.И., Касевич В.Б. 2013).

Казіргі қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің көпшілігі казіргі ауызекі тіл нормаларымен құрылған. Бірақ көне жазба тіл вәньян қағидаларымен құрылған мақал-мәтелдер де кездеседі. Казіргі қытай тілінде, ежелгі жазба тілдің нормаларымен құрылған мақал-мәтелдердің болуының өзі бір карағанда мүмкін емес нәрсесе секілді.

Бұл құбылыстың себебін қытай тілінің даму тарихынан іздеу керек. Әдеби тілдің екі түрінің – байхуа мен вәньян, ғасырлар бойы Қытайдай катар дамығаны белгілі. Бұл тілдердің бүкіл қарама-кайшылықтарына қарамастан, олар бір-біріне әсер етпей қоймағанын байқауға болады. Казіргі қытай әдеби тілі өз ішінде екі ішкі жүйенің байхуа мен вәньян қағидаларымен біріктілген. Демек, вәньянның тілдік құралдарын қолданатын мақал-мәтелдердің болуы тілдің бүкіл даму жолымен негізделген өте қалыпты нәрсе.

Қытай және казак тілдерінде мақал-мәтелдердің бәрі негізінен жай сөйлем түріндегі тұракты сөз тіркестеріне жатады, яғни олар тұлғасы жағынан ұзак ұақыттан бері қалыптасып, белгілі бір формада тұракталған, мазмұны жағынан біртұтастыққа не болған жай сөйлем типтері. Құрылымы жағынан казак және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің өзара ұқсастықтары жиі кездеседі:

### 1. Бұйрық райлы сөйлемдер:

1) 趁热打铁 [chèn rè dǎ tiě]

«Темірді қызғанда соку».

2) 量久为出 [liàng jiǔ wéi chū]

«Көрпене қарай көсіл».

3) 近朱者赤, 近墨者黑 [Jin zhū zhě chì, jìn mò zhě hēi]

«Көршің сокыр болса, бір көзінді қысып жүр»

4) 三思而后行 [Sānsī érhòu xíng]

«Жеті рет өлшеп, бір рет кес»

5) 人看行为鸟看飞 [Rén kàn xíngwéi niǎo kàn fēi]

«Жігіттің түсіне қарама, ісіне қара»

### 2. Болымсыз түрдегі бұйрық рай, яғни тыйым салу;

1) 今日事今日毕, 施到明天不足取 [Jīnrì shì jīnrì bì, shī dào míngtiān bùzú qǔ]

«Бүтінгі істі ертенге қалдырма»

2) 为灭跳蚤, 烧掉皮袄 [Wéi miè tiào zǎo, shāo diào pí áo]

«Битке өкпелеп, тоныңды отка жакпа»

3) 挖坑者自陷, 玩火者自焚 [Wā kēng zhě zì xiān, wán huǒ zhě zìfén]

«Біреуге ор қазба, өзін түсесін»

4) 凡事不宜先夸口 [Fánshì búyí xiān kuākǒu]

«Асатпай жатып құлдық деме».

### 3. Шартты райлы сөйлем түрінде:

1) 死神无情 [Sīshén wúqíng]

«Ажал ажалға қарамайды»

2) 欲享乐, 须工作 [Yù xiānglè, xū gōngzuò]

«Атка мінгің келсе, ерінді сайла»

3) 同时做两件事, 一事无成 [Tóngshí zuò liǎng jiàn shì, yīshíwúchéng]

«Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді»

### 4. Болымсыз жай сөйлемдер түрінде:

1) 灿烂者非皆黄金 [Cànlan zhě fēi jiē huángjīn]

(Зеленев Е.И., Касевич В.Б. 2013).

«Жарқырағанның бәрі алтын емес».

Мақал-мәтелдерде халық сөзді барынша үнемдеп қолданады. Тіпті кейде сөз тастап кетіп отырады. Мысалы: «Ақыл – жастан, асыл – тастан» дегендеге «шығады» сөзі қалып койған.

Мақал-мәтел құрылышы жағынан сырттай ұқсас болып келгенмен, олардың мазмұнды түйіндеуінде, ойды шешуінде өзіндік ерекшелігі байкалады.

Мақалдарда бір-біріне сай қарама-кайшы ұғымдар мен нәрселерді салыстырып, шенdestіру арқылы ой-пікірді айқындау тәсілі басым болып келеді.

Мысалы:

Қытай тіліндегі баламасы	Казак тіліндегі баламасы
柔语能拆断骨头 [Róu yǔ néng chāi duàn gǔtou]	«Жақсы сөз жұбатар, жаман сөз жыллатар»
宁为鸡口, 不为牛后 [Níng wéi jī kǒu, bù wéi niú hòu]	«Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол»
不怕慢, 只怕站 [Bùpà màn, zhǐ pà zhàn]	«Ештен кеш жақсы»

价廉质劣, 价高货好 [jià lián zhì liè, jià gāo huò hào]	«Сырты жылтырауықтың, іші қалтырауық»
福兮锅所倚, 锅兮福所伏 [Fú xī guō suǒ yǐ, guō xī fú suǒ fú]	«Жаман айтпай, жақсы жоқ»
多言不如少言, 少言不如无言 [Duō yán bùrú shǎo yán, shǎo yán bùrú wú yán] (Зеленев Е.И., Касевич В.Б. 2013).	«Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын»

Мақал-мәтеддердің әртүрлі өзгерістерге, тұлғалық модификацияларға ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ак рет колданыс табатын түрлерін *инварианттар* деп атайдыз. Мақал-мәтед инварианттары бірде олардың компоненттеріне инверсия жасау арқы-

лы, бірде оларды түсіріп, иллипсис түрінде айту арқылы, бірде дербес екі түрлі мақал-мәтеддердің элементтерін өзара шебер киыстыру арқылы, т.б. жолдармен жасалады.

Компоненттерін өзгертіп *айтуға байланысты инварианттар*:

Қырық жұпт қырзын болса да ажсалды елер.	Қырық, жыл қырзын болса да ажсалсыз адам тірі қалар деген...
急急忙忙, 让人笑话 [Jí jí máng mang, ràng rén xiào huá]	急急忙忙, 招人笑断肠 [Jí jí máng mang, zhāo rén xiào duàncháng] (叶芳来。2005: 221)
Өтіріктің құйрығы бір-ак тұтам, Есеней оңай түсініð...	Қазақ айласының құйрығы бір-ак тұтам
与坏人为伍, 就会同流合污 [Yǔ huài rén wéi wǔ, jiù huì tóng liú hé wū]	近朱者赤, 近墨者黑 [Jin zhū zhě chí, jìn mò zhě hēi] (叶芳来。2005: 237)

Мақал-мәтеддердің жеке элементтері ғана сакталатын инварианттар:

人多智广. - 集思广益. [Rén duō zhì guǎng]. - [Jí sī guǎng yì].

Бір кісінікі мақұл, екі кісінікі ақыл.

Жазда маңдайы терлемегененің, қыста қазаны қайнамайды. - Қыс қуніңді жаз ойла.

Компоненттерінің орнын ауыстыруына байланысты инварианттар:

- Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.

- Уай, жарапандар! Бұл түстен кейін маңырайтын ақсақ қой дейсіңдер гой. (М. Әуезов. Абай жолы, 1-том, 82-бет)

#### Талқылаулар

Мақал-мәтеддерден біз белгілі бір халықтың этнос болмысын, оның рухани-заттық мәденистін, дүниетанымын, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сөнімін, т.б. туралы жан-жакты мағлұмат табамыз.

Қытайда Чжоу дәүірінен бастап Аспанға табыну басталды. Аспан Қытайдың негізгі құдайы болды, моральді-этикалық қызмет аткарды (Зеленев Е.И., Касевич В.Б. 2013).

Осының нәтижесінде мынандай мақалдар пайда болды:

天监其德 [Tiān jiān qí dé] – «Аспан өзінің табынушыларын көреді»

天命不悟久矣 [Tiānmìng bù wù jiǔ yǐ] – «Аспан өз шешімін ұзак ойланбайды»

天祚明德 [Tiān zuò míng dé] – «Аспан мейірімділere бакыт сыйлайды» (叶芳来 . 2005).

Ерте заманда Қытайда басымдылықта шаруалардың экономикасы, өндіріс болды, бұлардың негізі табиғи шаруашылық болды. Осыған байланысты, қытай тіліндегі мақал-мәтеддердің көпшілігі «шаруаларға» арналғаны айқын көрінеді.

农十百行本 [Nóng shíbǎi xíng běn] – «Шаруалардың еңбегі – жұз мамандық негізі».

人不欺地皮, 地不欺肚皮 [Rén bù qī dìpí, dì bù qī dùpí] – «Адам жерді ренжітпейді, жер адамды ренжітпейді».

Қытай тіліндегі мақал-мәтеддерде теологиялық тақырып та жиі колданылған. Ондай мақал-мәтеддерде әртүрлі жоғарғы күш иелеірі туралы айтылады, ондай мақал-мәтеддерге мыналар жатады:

鬼功神力 [Guǐ gōng shénlì] – «Жынын енбегі мен құдай күші» (Жақсы ұста жайлы айтылады)

神工鬼力 [Shén gōng guǐ lì] – «Кұдай шебер, жын күшті» (Талантты адам жайлы айтылады)

拘神遣将 [Jū shén qiǎn jiàng] – «Кұдайдың ұстап, оны басқаруға жіберу» (Талантты адам жайлы айтылады) [4].

Қытай тіліндегі көптеген такырып накты құдайлар мен рухтарға арналған, мысалы, Үй құдайы (Цзаован), Тозақ иесі (Баогунь), Бала тузыруши (Буддалық әйел құдайы), Ұзак ғұмыр құдайы (Шоусин), т.б.

灶王老爷上天 - 没了住处 [Zào wáng láoye shàngtiān - mēiliào zhùchù] – «Үй құдайы аспанға көтерілді – үйінен айырылды» (еш жерге сыймайды)

阎王嫁女儿 - 鬼来抬 [Yánwáng jià nǚ'ér - guǐ lái tái] – «Жер асты патшалығының құдайы қызын тұрмысқа береді – шайтан алғыр» (шайтандар жасасын);

寿星老叫门 - 肉头到门 [Shòuxīng lǎo jiào mén - ròu tou dào mén] – «Ұзак ғұмыр құдайы есік токылдатты – етті бас үйге кірді» (акымак) (叶芳来 . 2005).

Қытайда ен көп тараған дін – Буддизм. Буддизм Қытайға Орта Азия арқылы тараған, өзінің бастаның үнділік формасынан әлдеқайда өзгерістерге ұшыраған.

Төменде қытай халқына діни жүйенін қалай әсер еткені жайлы макалдарды көруге болады:

求佛求一尊 [Qiú fó qiú yīzūn] – «Буддадан бір ғұзун сұрау. Басқалардың көмегіне жиі жүгінбейтіндер жайлы»

佛是金妆，人是衣妆 [Fú shì jīn zhuāng, rén shì yī zhuāng] – «Буддада алтын киім, адамда – жәй киім» (Біреуді сыртқы түріне қарап бағалау; Кімінде қарай қарсы алу) [4].

Даосизм – қытайлықтардың дүниетанымына әсер еткен және қытай менталитетінің негізгі тірері болған дін. Даосизм терминін европалықтар ойлап тапқан, ол оку және (Дао мектебі) дінге табыну мағынасын береді.

Даостық философия адам қабылдаудына күндейгі циклде кіреді. Бұл шексіз өлім мен күннің қайта тірілуі, мәнгілік өмір идеясын тудырды.

Даосизм мистикаға толы. Қытайда магиялық күш иеленген таулы жерлер немесе аралдарда тұратын сегіз өлмейтін – даостық қасиеттілер жайлы мәтелдер өте көп.

张果老到驴 - 永不见出生的面 [Zhāng guǒ lǎo dào lǘ - yǒng bùjiàn chūshēng de miàn] – «Чжан Голао есекте артқы жағымен кетіп бара жатыр – майдың бетін ешқашан көрмейді» (карым-қатынасты үзу).

傻喜儿赶鸭子 - 全来了 [Shǎ xǐ er gǎn yāzi - quán láile] – «Сиэр акымак барлық қазды куды – барлығы келді» (叶芳来 . 2005).

Конфуцийшылдық дін – Қытайдың негізгі ұстанатын діндерінің бірі. Конфуцийшылдық дін өзара қарым-қатынас, саясат, этикет пен отбасыдағы қарым-қатынас жағынан негізгі доминант болып есептеледі. Бастаныңда бұл дін этика-саяси емес, әлеуметтік-психологиялық ілім болып табылған.

Конфуций өрте заманың ойшылдарының бірі болып саналады, оның көптеген сөздері канатты сөздерге айналған, ол канатты сөздерді қытайлар осы күнге дейін колданады.

言辞足以表达意思就可以了 [Yáncí zíyí biǎodá yìsī jiù kěyǐle] – «Сөздер мағынаны ғана жеткілікті».

有得必有失 [yǒu dé bi yǒu shī] – «Бір нәрсеге ғана жеткізу үшін, жоғалту керек; жену үшін, жеңілу керек» (叶芳来 . 2005).

Келесі пікір көптеген жылдар бойы жоғарыда аталған факторлардың әсерінен болған қытайдың өзіне ғана тән ерекше қасиеттеріне арналады.

Қытайлықтарда негізгі екі борыш болды: аспанға ризашылық пен ата-бабаларына ризашылық. Және де қытай халқы әрқашан қарттықты сыйлаған және құрметтеген. Келесі макалдар сонын дәлелі болады:

树老根多，人老智多 [Shù lǎo gēng duō, rén lǎo zhì duō] – «Кәрі ағаштың тамыры көп, кәрі кісінің ақылы көп».

家有一老人，如有一宝 [Jiā yǒu yī lǎo, rú yǒu yī bǎo] – «Үйде көрі кісі болса, үйде құнды дүние бар деген сөз».

Қытайлықтарда басқа ұлттарда жок қасиеттер бар. Солардың бірі – 面子, бетінен, беделінен айырылу. 面子 – бұл адамгершілік өлшемі, қытайлықтар оны қатты ұстанады. Беттен, беделден айырылу – өзіне деген құрметтен, сенінен айырылу деген сөз.

Қытайлықтарда сонымен қатар билікке деген коркыныш бар. Ерте заманнан қарапайым халық билікпен қатынасы тығыз болған сайын, олар одан бетер коркатаң болған. Бұның бәрі аспанға табыну мен рухтарға деген құрметпен байланысты.

人怕春明，猪怕壮 [Rén pà chūnmíng, zhū pà zhùzhàng] – «Шошка үшін семіз болған қауіпті, адам үшін танымал болған қауіпті».

人要脸，树要皮 [rényào liǎn shùyào pí] – «Адамға беделінен айырылмау маңызды, ағашқа қабығы маңызды».

Қытайлықтар өте енбеккор халық. Бұл көп уақыт «құріш өркениеті» деп аталатын кедейлік-

те өмір сүргеннің нәтижесі және де конфуцийшілдік енбек этикасына байланысты:

世上无难事，只怕有心人 [shì shàng wú nán shì zhǐ pà yǒu xīn rén] – «Жузеге асыра алмауым мүмкін деген істі аяқтау үшін, талмай енбек ету қажет».

窮則變，變則通 [qióng zé biàn biàn zé tōng] – «Егер сен кедей болсан, өзгер, сонда бәрінен кол жеткізесің».

有志者，事竟成 [yǒu zhì zhe, shì jìng chéng] – «Егер адамда арман болса, ісі де алға жүреді» (叶芳来 . 2005).

Макал-мәтелдердің ерекшелігі – ұлттың менталитетіне, тарихи тәжірибесіне, дініне, дәстүріне байланысты. Қытай тілінің макал-мәтелдері коры өте көп. Семантика жағынан, құрылышы мен пайда болу деректері жағынан әртүрлі.

Қытай тіліндегі мәтелдердің пайда болу дерегі – қазіргі ауызекі тіл нормаларымен жасалған сөз тіркестері, – тірі ауызекі тіл. Алайда олардың пайда болуы одан да ерте кезді камтиды. Қөптеген 俗语Súyǔ, 惯用语Guàn yòng үй қазіргі тілде кең коданылады, себебі олар тарихи және әдеби ескерткіштерден табылған, оларда «俗Sú, 俚俗Lísu, 俚语Líyǔ» жазбасымен тіркелген, – «карапайым» (Васильев Л.С. 2014).

Көне деректерде кездесетін, қазіргі кезде өзінің тілдік формасын сактаған, қазіргі тілдік жүйемен айтылатын мәтелдер аз емес. Соларға тоқталатын болсак.

掉书袋 – дәйексөздер жаудыру, өзінің оқығандығын көрсетуден бас тартпау (кітап салынған мәшектерді тастау).

登龙门 – жоғары қызмет немесе атақта ықпалды адамдар арқасында кол жеткізу; мемлекеттік қызметке емтиханды сәтті қорғау (Айданар какпасынан өтү)

戴高帽儿 – біреуге жағымпаздану, мадак сезердай айту (біреуге биік бас киім кигізу)

戴绿帽子 – көзіне шөп салу (біреуге жасыл бас киім кигізу)

Адамның құнделікті өмірі, олардың айналасын байқауы мен баға беруі, қоршаған орта жайлы, адамдардың жағым-катынасы жайлы, дәстүрлері мен әдеттері жайлы әртүрлі жағдайлар туралы ойларын білдіріп отырады. Бұндай ой-пікірлер уақыт өте келе тұракталыш, өндеп макал не мәтелге айналады. Мысалы:

拉老婆舌头 – өсек айту, әйелдердің өсегі (кемпірді тілінен тарту)

下软蛋 – әлсіз, корқақ, бокмұрын (жұмсақ жұмыртқа басып шығару)

近水楼台先得月 – женілдік шарттарын өз жеке мүддесіне жұмсау; женілдік шарттарының болуы (жағалау маңындағы мұнара айды бірінші карсы алды).

Эртүрлі аныздар мен дәстүрлер макал-мәтелдің негізгі дереккөзі болып табылады.

露马脚 – өзін үстап беру; құпияның әшкереленуі (жылқы аяғын көрсетеу) (Кравцова М.Е. 2011).

Көптеген макал-мәтелдер жалпы қолданыска әртүрлі кәсіби саладағы жағым-катынас арқылы енген.

### Әскери сала

车轮战 – күшінің бәрі сарқылғаннан кейін басып алу (дөңгелек тактикасы)

包饺子 – қоршау, дөңгелетіп қоршауға алу (тұшпара жасау)

### Медицина саласы

害软骨病 – жігерсіз, әлсіз (шеміршек ауруында ұшырау, хондропатия)

打预防针 – сактық шараларын жасау (профилактикалық үкол салу)

### Коммерция, сауда, қаржы саласы

金字招牌 – сыртқы жылтыр; мандайша, марка; фикция (дүкеннің алтын жалатылған мандайшасы)

散摊子 – жабу, тарату (ұйым, мекеме); құлдырау, ыдырау (науаны бөлшектеу)

### Көлік саласы

开倒车 – бастапқыдан тайку (сөз, іс-эрекет); артқа шегіну (артқа шегіну)

开绿灯 – рұқсат беру; жол ашу; кедергі жасамау; жасыл көше жасау (жарық); (жасыл шам жагу)

### Дін саласы

数世主 – құтқарушы; кез келген жағдайда көмекке даяр тұратын адам (әлем құтқарушысы)

惊山神动土地 – барлығын мазалау; барлығының көңілін бұру (тау құдайының мазасын алу; жергілікті құдайдың мазасын алу)

### Театр саласы

唱对台戏 – бәсекелесу, жарысу (қарама-карсы сахнада тұрып өлең айтуду)

跑龙套 – статист болу; барып кел, шауып кел болу; ұсақ тапсырмаларды орындау (свита немесе күзетшіні орындау, статист)

### Математика, есеп саласы

不管三七二十一 – бәрінен түкіру; қолын бір сілтегу; (үш жердегі жеті жиырма бір екеніне де қарамау)

三下五除二 – бір-екі дегендеге бәрі бітті; бірден; ешнәрсе емес (бестен үшті алсан екі болады)

### Спорт, ойындар

擦边球 – тәртіп бұзуга сәл калу; тәуекелге бас тігу (үстел теннисінде «үстел шетінде тұрып калған доп»)

三级跳 – жылдам мансап; тез өсу (уш секипic) (Кравцова М.Е. 2011).

Қытай тілінде мәтелдердің негізгі шығу дереккөздері диалектілер болып табылады. Әр диалект немесе сөз өз арсеналында мәтел болып табылады, олардың қолданысы сол диалект шенберінен шықпайды. Мысалы, 吃排骨 – «сынға ұшырау; бір нәрсеге кінелі болу» (қабыргаларды жеу) тұракты тіркесі тек Цзянсу провинциясының солтүстігі мен Шаньдун провинциясының онтүстігінде ғана қолданылады.

Онтүстік диалектілерден қытай тіліне 空心汤圆 – «мағынасыз жұмыстар; бос сөздер; бір көрініс; шиши» (іші бос түшшара) тіркесі келді. 汤圆 сөзі онтүстік диалектіде 元宵 мағынасымен бірдей – күріш ұнынан жасалған ішінде көспасы бар дөңгелектер.

扯闲白儿 – бос сандырактау (ешнөрсемен айналыспау, ешқандай мақсат болмауы) – бұл тіркес пекин диалектісіне тиесілі, 打牙祭 – «дәмді тамак ішу; бүкіл әлемге мереке жасау (тіске күрбандық ету) – сычуан диалектісіне тиесілі.

Кейбір диалектілі мәтелдердің лексика-грамматикалық құрылышы аса ерекшеленбейді, ондай мәтелдер ортак тілге бейімделіп, өзінің «жергілікі» ерекшелігін жоғалтып, қай диалектіден шыққан дерегі ұмытылады. Мысалы, 煮夹生饭 – «істі соңына дейін аяктау; бастаған істі бітіру» (толькі піспеген ботқаны толькі пісіру) – Шэнъси провинциясынікі, 打马虎眼 – әдей іс-

теу; екіжүзді болу; көзілдірігін сұрту; тек көрініс жасау» (түсінбеген кейіп таныту) – солтүстік диалектінікі.

### Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысында мақал мен мәтелге жалпы анықтама беріліп, қытай және казак тілдеріндегі мақал-мәтелдердің шығу тарихына, қолданылу аясы жайлы қарастырылды. Макал-мәтелдер – халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, қыл-әнегесі, даналығы мол көрініс тапкан, ой дәлдігімен, ыкшамдылығымен ерекшеленетін тілдік бірліктер болып табылады:

– мақал көп жағдайда үлгі, өнеге, өснет айтуда құрылады. Ал мәтел, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты орамды сөйлемше түрінде келіп, көнілдегі ойды емеурін арқылы жеткізеді және нақты тұжырым, қорытынды пікір жасалмайды;

– қытай тіл білімінде мақал мен мәтелдің ара-жігі нақты ажыратылмай, біртұтас тұракты тіркес ретінде қарастырылады;

– мақал-мәтелдер өзге тұракты сөз орамдарына (қанатты сөз, нақыл сөз т.б.) қарағанда, тұлға жағынан ықшам, мазмұны жағынан тұтас, әмбебап болады;

– мақал-мәтелдердің тұлғасының тұрактылығы мен тілде бұрыннан «дайын» материал ретінде қолданылатын сипаттары оларды фразеологизмдер катарына қосып, осы салада зерттеуге толькі мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

- Тұрманжанов Ә. (2007) Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. –Алматы: «Білім».
- Афанасьева М.П. (2016) Поговорки как отдельный класс изобразительных средств во фразеологической системе современного китайского языка. – Тамбов: Грамота., №4(58), в 3-х ч. Ч.2.
- 夏征农 (2000). 辞海. 上海:上海辞书出版社, . 6155 页
- 叶芳来 (2005). 俄汉谚语俗语词典。 - 北京。商务印书馆。-394页。
- Зеленев Е.И., Касевич В.Б. (2013). Введение в востоковедение: Общий курс. Ред. – СПб.: КАРО.
- Васильев Л.С. (2014) История религий востока: [электронный ресурс]. URL: [http://www.plam.ru/hist/istorija\\_religii\\_vostoka/p18.php](http://www.plam.ru/hist/istorija_religii_vostoka/p18.php)
- Кравцова М.Е. (2011) История культуры Китая. 4-е., испр. и доп. – СПб.: «Издательство ПЛАНЕТА МУЗЫКИ»; Издательство «Лань».
- Абай энциклопедиясы (1995). – Алматы: Атамұра. 434 б.
- Хаенов Эмеди (1996) Тіл білімі. – Алматы, 173 б.
- Вайщехович И.В. (2007) Практическая фразеология современного китайского языка. – М.: АСТ: Восток-Запад.
- 赵亚娜 (2010). 谚语中女性传统观念及其历史地位的变迁。海南师范大学学报。第24卷: ‘夫为妻纲’
- 金明华(2010). 中韩谚语中的女性文化透析。语言文学研究。
- 唐静(2010).西汉谚语文化透析.西南科技大学外国语学院:中国科教创新刊.
- 王娟。哈萨克族谚语中的妇女传统形象.论文.
- 耿静静(2010).谚语中的中国古代女性文化透析.
- 蒋 静(2013). 论中日传统谚语中的女性文化观。文教资料。